



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

тіл дамыту жұмыстарын тиімді жүргізген жағдайда оқушының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыра аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Абдуллина Г. «Интербелсенді оқыту таным белсенділігінің қазіргі бағыты». Ұлт тағылымы, 2000. 21 б.
4. Әшімханов Д. Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Алматы: Жалын, 2004. 125 б.
5. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы». Алматы: Ана тілі, 2015. 176 б.
6. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. Алматы: 2014. 360 б.

ӘОЖ 378 371. 3:54

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

Ибраева Гүльсара Турсуновна
E-mail: ibraeva_gulsara@mail.ru
Бүркімбаева Айзада Маратовна
E-mail: ibraeva_gulsara@mail.ru
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері
«Қостанай ауданы білім бөлімінің
Н.Наушабаев атындағы мектеп– гимназиясы» КММ
Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Қазақстан

Аннотация

Заман талабына сай қазіргі білім берудің негізгі мақсаты, білім алып, білік пен дағдыны, іскерлікке ақпаратты өзі іздеп таба білу, оны ұтымды пайдалану. Жаңа заман талабына сай мұғалімнің шеберлігін арттыруда білім мазмұнымен оқыту технологияларының рөлі ерекше. Оқыту технологияларын талдағанда, қазіргі өркениетті елдер тәжірибесінде жүзеге асырылып жатқан білім берудің жаңа моделіне—Нәтижеге бағдарланған білім моделіне – сәйкес келетін оқыту технологияларын іріктеуді қажет етеді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын мектеп практикасына белсенді түрде ендіру—қоғам талабы. Қазіргі инновациялық технологиялар педагогика ғылымымен практикасының жетістіктерін, дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені, әлеуметтік прогрестің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизациямен демократия жемісін жинақтаушы қызметін атқарады. Инновациялық процесті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі, жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу.

Түйінді сөздер: *мультимедиа, технология, педагогикалық, стратегия, эксперимент, талдау.*

Аннотация

Основной целью современного образования является приобретение знаний, умений и навыков, умение самостоятельно находить информацию, рационально ее использовать. Особую роль в повышении мастерства учителя в соответствии с требованиями нового времени играют технологии обучения и содержания образования. В нынешнее время необходим отбор технологий обучения, соответствующих новой модели образования—модели образования, ориентированной на результат – реализуемой в практике современных цивилизованных стран. Поэтому активное внедрение инновационных технологий обучения в школьную практику на современном этапе—веление времени. Современные инновационные технологии служат накопителем достижений педагогической науки и практики, достижений социального прогресса, плодов демократии с гуманизацией в обществе. В процессе изучения инновационного подхода происходит переход системы из одной ситуации в другую, организация нового содержания, внедрение новизны.

Ключевые слова: *мультимедиа, технология, педагогика, стратегия, эксперимент, анализ.*

Annotation

According to current requirements the main aim of a modern education is to get knowledge, experience, ability, finding out the necessary information and it's reasonable usage. According to modern requirements learning technologies play a special role in professional development of teachers in the content of education. When analyzing learning technologies, it is necessary to select learning technologies that correspond to the new model of Education implemented in the practice of modern civilized countries as the result-oriented model of Education. Therefore, a requirement of society at the present stage is the active development of innovative teaching technologies in school practice. Modern innovative technologies serve as an accumulator of the achievements of pedagogical science and practice, the value of traditional practice, the achievements of social progress, and the result of social humanization and democracy. In the course of studying the innovation process, is the transition of the system from one situation to another, the organization of new content and the introduction of innovations

Key words: *multimedia, technology, pedagogy, strategy, experiment, analysis.*

Қазақстан мектебінің алдына қойып отырған мақсаты – инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік–экономикалық жағдайын жақсарту

бағытында оқушыларға жүйелі, нақты білім беру. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Жаңа заман талабына сай мұғалімнің шеберлігін арттыруда білім мазмұны мен оқыту техноло-гияларының рөлі ерекше. Оқыту технологияларын талдағанда, қазіргі өркениетті елдер тәжірибесінде жүзеге асырылып жатқан білім берудің жаңа моделіне – Нәтижеге бағдарланған білім моделіне – сәйкес келетін оқыту технологияларын іріктеуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, техноло-гияларын таңдауда көпнұсқалылық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үрдісті кез-келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік беретіндіктен оқу үрдісін қайта жаңғырту идеясы педагогикалық технологияның негізгі тірегі болып табылады. Ол идея мынадай мазмұндық бірліктерден құралады:

- оқытудың жалпы мақсаты;
- жалпы мақсаттың нақтыландырылуы;
- оқушылардың білім деңгейін алдын-ала (диагностикалық бағалау);
- оқу әрекетінің жиынтығы;
- нәтижені бағалау.

Атақты педагог – ғалым В.Сухомлинский «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым – шытырығы мол жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады» – деп ұстаздық өнерге ерекше баға берсе, қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім– мектептің жүрегі» дегені бекер айтылған сөз емес.

Қазіргі күн талабына сай білім жүйесінің алдына қойған бастапқы мақсаты тұлға ретінде жан-жақты дамыған, алған білімін күнделікті өмірде пайдалана білетін, өзгелермен тілдесімде бола алатын, ізгілік пен елжандық қасиеттер бойына сіңірілген, бәсекелестікке дайын азамат етіп тәрбиелеу болып есептеледі. Осы күнге дейін пайдаланып келген оқыту әдіс –тәсілдері бүгінгі күн талабына толық жауап бере алмайды. Сол үшін білім жүйесіне өзгертулер енгізіліп, бұл мәселенің шешілу жолдары жан-жақты қарастырылып келуде. Ең негізгісі білім сапасын арттыру мақсатында оқыту процессін оңтайландырудың қажет екендігін уақыт көрсетіп тұр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық – психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Бұл заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістерді сабақ үрдісінде тиімді пайдалана алатын білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу керек деген сөз.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Жоғарғы білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлаудың сапасын арттыру, қарқынды ғылыми–зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту,... білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады». – деп атап көрсетілген.

Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын мектеп практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы. Қазіргі инновациялық технологиялар педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктерін, дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені, әлеуметтік прогрестің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизация мен демократия жемісін жинақтаушы қызметін атқарады. Инновациялық процесті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу процесіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығы Н.В.Горбунова, М.В.Кларин, А.В.Лю-ренсов, М.М.Поташник, П.И.Пидкасистый, Л.И.Романова, В.И.Загвязинский, А.Я.Найн, Т.И.Шамова, О.Г.Хомерики, Н.Р.Юсуфбекова және т.б. зерттеулерінде қарастырылған.

Кейінгі жылдары жиі пайдаланылып келе жатқан жаңа ұғымдардың бірі – инновация. Инновацияны жете түсініп, инновациялық әдіс–тәсілдерде мектеп өміріне кеңінен енгізу жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алудың бірден–бір шарты болып табылады. «Инновация» сөзі латын тіліндегі in (ішіне) novus (жаңа) сөздерінен құралып, жаңару, жаңалық, өзгеру деген мағынаны білдіреді. Инновация ұғымының шығу кезеңі мен тарихын дәл анықтау мүмкін болмаса да, бұл ұғым қоғамдық ғылымдарға жаратылыстану ғылымдарынан келген деп есептеледі. Ғылыми–педагогикалық әдебиет–терді сараптау нәтижелері «новация» мен «инновация» ұғымдарын жеке–жеке қарастыру керектігін көрсетті. Дегенмен, әдебиеттерде осы екі ұғымның әртүрлі анықтамалары кездеседі. Инновация ұғымын энциклопедиялар мен сөздіктерде әртүрлі анықтамаларын кездестіруге болады. Қазақстанда ең алғаш «инновация» ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Немербай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдісі деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау,

меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызмет» деп көрсетеді [1]. «Технология» ұғымы соңғы кездері ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы сияқты психологиялық-педагогикалық ұғымдармен байланысы саналуан. Жоғарыда аталған технологиялардың қай түрі болмасын, өзінің мәнін анықтап, сипаттама беруді қажет етеді. Қазіргі кезеңдегі ғылыми айналымда «технология» және технологиямен байланысты жеке ұғымдарға берілген анықтамалар баршылық. Алайда білім беру жүйесінде дәл қазіргі кезеңде жүріп жатқан процестердің технологиясының мәнін ашып, түсіндіретін жалпы анықтама жоқ [1].

«Технология» термині алғаш рет 1940–50 жылдары шет елдерде пайда болды және ол педагогикалық процесте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды. Технология – өнім алу барысында шикізаттың, материалдың немесе жартылай шикізаттың қалыбын, қасиетін, формасын өңдеу, әзірлеу не өзгерту әдістерінің жиынтығы. Ш.Т.Таубаева оқытудың қазіргі технологияларының аттарын атап көрсетіп, олардың мақсаттарын, тұжырымының және мазмұны мен әдістерінің ерекшеліктерін сипаттап көрсетеді. Жұмыста педагог-ғалымның зерттеулері басшылыққа алынған [2, 3]. Сонымен педагогикалық технологиялардан төмендегілерін бөле жарып көрсетуге болады:

Білім беруді ізгілендіру технологиясы – оқушыны азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату (Ш.Амонашвили). Ойын арқылы оқыту технологиясы – дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойындық іс – әрекеттің педагогикалық механизмі жеке бастық, өзіндік талап – талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді (Л.С.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин, З.Фрейд). Проблемалық оқыту технологиясы – оқушының өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту. Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы – (В.Ф.Шаталов) мынаны көздейді – білім, білік, дағдыны қалыптастыру, барлық баланы оқыту, оқытуды жеделдету. Түсініктерді қабылдау арқылы оқыту технологиясы – (С.Н.Лысенкова) барлық баланы табысты оқыту. Оқу материалының бірізділігі, жүйелілігі, саралау, әр оқушыға берілетін тапсырманың қолайлығы, бағдарламаның кейбір тақырыптарының қиыншылықтарын жеңу, қиын тақырыптады біртіндеп оңайлату әдісін қолдану. Деңгейлеп саралап оқыту – міндетті нәтижелерге негізделген. Білім, білік, дағдыны меңгерту, мемлекеттік стандарт көлемінде білім беру. Әр оқушыны оның қабілетімен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту, оқытуды оқушылардың әртүрлі топтарының ерекшелігіне сәйкес бейімдеу, ыңғайлау. Бағдарламалап оқыту – (Б.Скиннер, Н.Краудер, В.Г.Беспалько) ғылыми негізде түзілген бағдарлама негізінде оқытудың тиімділігін арттыру, баланың жеке қасиеттерін ескере отырып оқыту. Оқытудың компьютерлік технологиясы – ақпаратпен жұмыс істей білуді қалыптастыру және қатынас қабілетін дамыту, жеке басты ақпараттық қоғамға даярлау. Мұнда оқыту оқушының тікелей компьютермен қатынасы арқылы орындалады. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы – (Л.Джинна Стил, С.Куртик). Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Өз-өздігінен даму технологиясы – (М.Монтессори) баланы жан – жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемімен ойлау әрекетінің бірігуі. Оқыту баланың дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда бала өзін – өзі дамытады. Дамыта оқыту технологиясы – (Л.С.Выготский, Л.В.Занков, Д.Б. Эльконин, В.Б.Давыдов) баланы оқыта отырып жалпы дамыту, яғни бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар – намыс қасиеттерін дамыту. Модульдік оқыту технологиясы – (В.Б.Монахов) оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық үрдісті түзу, мұғалімге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру.

Инновациялық педагогикалық іс-әрекеттің жалпы және арнайы ерекшеліктері ресейлік зерттеушілер А.А.Арламов, Н.Ф.Вишнякова, В.И.Загвязинский, М.В.Кларин, Н.В.Кузьмина, С.Д.Поляков, М.М.Поташник, М.М.Фридман, Н.Р.Юсуфбекова және т.б. еңбектерінде қарастырылады. Инновацияны жоспарлау мен инновациялық үдерісті басқару мәселелері шетелдік ғалымдар Р.Адам, Е.Роджерс, А.Кинг, Б.Шнайдер, Л.Андерсон, Л.Бриге, Х.Барнет және т.б. ғылыми еңбектерінде зерттеген.

Инновация – кез келген жаңалық немесе жаңалықты енгізу ғана емес, бұл бүгінгі қолданыстағы білім жүйесінің тиімділігін арттыратын үдеріс. Инновациялық іс-әрекет – білім берудің кез келген деңгейінде инновациялық үдеріспен қамтамасыз ететін шаралар кешені және үдерістің өзі. Педагогикалық инновация білім беру жүйесін қайта құру, жетілдіру, модификациялау, өзгертуге байланысты немесе оның белгілі жақтарын, қасиеттерін және аспектілерін (жаңа заңнамалық акттерді, құрылымдарды, тұжырымдамаларды және интеграциялық байланыстарды және т.б.) жасақтау. Инновациялық үдеріс ұйымның мақсаты, құрылымы, міндеттері, технологиясы және адам ресурстарын қамтиды.

Инновациялық іс-әрекеттің негізгі функцияларына педагогикалық үдерістің компоненттерінің өзгерістерін енгізеді: мақсаттары, білім беру мазмұны, оқытудың формасы, әдістері, тәсілдері,

технологиялары, басқару жүйесі және т.б. Сонымен бірге барлық зерттеушілер инновацияны инновациялық стихиялы ізденіс ретінде қарастырмау керек деген пікірге келеді, себебі инновация – мақсатты бағытталған, саналы өзгеріс [1, б. 25].

Бүгінде инновациялық өзгерістер әртүрлі бағыттарда жүруде, білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру; оқытудың жаңа технологияларын өңдеу мен жүзеге асыруда; жаңа бағдарламаны меңгерудің әдістері мен тәсілдерін қолдану; оқыту үдерісінде оқушылардың өзіндік анықталуына жағдай туғызу; мұғаліммен оқушының ойлау стилінде, өзара қарым-қатынастарында өзгеріс, білім беру мекемелерінде шығармашылық инновациялық ұжымды жасау және дамыту. Бұл үдерістердің барлық қарама-қайшылықтарында, шығындарында, кемшіліктерінде олар позитивті сипат береді. Осы инновация әлеуметтік институт ретінде білім беруге тән керітартпалықты жоюға мүмкіндік береді, әлеуметтік тапсырыс, мемлекеттің, тұлғаның қажеттілігінің өзгерісіне жедел және икемді жауап беру механизмін құру жағдайларын қамтамасыз етеді, бұл бүгінде отандық білім беруді дамытудың өзекті міндеттері ретінде қарастырылады.

Білім беру инновацияларын орта мектептерге енгізудің басты кедергісі мұғалімдердің сапалық құрамы мен кәсіби құзыреттілік деңгейлері. Мысалы, оқытудың жаңа технологиялары мектеп мұғалімінен (өз пәнінен кәсіби құзыреттілігінен басқа) педагогикалық шеберлікті талап етеді. Мұғалімнен дамыта оқыту технологиялары талап ететін педагогикалық білімдер:

- Оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарын диагностикалау іскерлігі;
- Оқу пәнін терең, жүйелі және оның ғылыми негіздерін білу;
- Оқу материалын қайта құрылымдау, бір ғана сабақ емес, тұтас тақырыпты индуктивті мазмұндаудан логикалық индуктивті–дедуктивті проблемалық мазмұндай білу;
- Оқушыны өмірге даярлау, бағыт беруде оқу үдерісін моделдеу (оның мақсатын, мазмұнын, оқыту формасын, әдістері мен тәсілдерін);
- Оқушының өзбеттілік жұмысын ұйымдастыра білу;
- Оқытудың белсенді әдістерін еркін меңгеру;
- Оқушы мен мұғалім ынтымақтастығы, қолайлы психологиялық ахуалды қамтамасыз ету [2, б. 21].

Білім беру саласында жүргізілген әлемдік зерттеулердің нәтижелері тиісті кәсіптік қасиеттерге ие, оқыту және оқу үдерістерінің қажетті дағдылары мен терең түсініктерін игерген мұғалімдер жастардың білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алатынын көрсетіп отыр. 2012 жылы еліміздің біліктілік арттыру жүйесінде бастау алған деңгейлік бағдарламалар негізінде біліктілік арттырудың курстарынан өткен мұғалімдер арқылы бүгінде мектептерімізде тың сапалық өзгерістер әкелуде. Бұл үшінші деңгей бағдарламасының басым бөлігі, түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан, сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған. Оқытудың сындарлы теориясы оқушылардың ойлауы олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дереккөздерден, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен ағастырыла дамиды деген тұжырымға негізделеді [3, бб. 6–7]. Курс барысында интерактивті оқыту негізінде мұғалімдер бағдарламаны жеті модуль аясындағы қарастырылған түйінді идеялармен және оны жүзеге асыратын әдіс–тәсілдерді меңгереді, яғни Конфуций айтқандай «өзі жасап меңгеру» нәтижесінде кәсіби құзыреттіліктері арттады.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру – кезеңдік үдеріс, яғни педагогикалық іс–әрекетте үнемі кәсіби шеберлікті арттыру қажет және аталған сатылар әрдайым қайталанатын, бірақ жаңа сапада қайталанатын. Өзін–өзі дамыту үдерісі биологиялық, әлеуметтік жеке тұлғалық ерекшеліктерге байланысты, ол жеке өмірін саналы ұйымдастырса, өзіндік дамуында қамтиды. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі әлеуметтік ортаға тәуелді болып келеді, сондықтан орта кәсіби өзіндік дамуды ынталандыруы қажет [4, бб. 58–64].

Біліктілікті арттырып тәжірибеге араласқаннан кейінгі мұғалімдердің дәстүрлі оқыту әдістемесіне көшіп кетпеуі үшін мектепішілік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық әдісте–мелік қолдау мен біріккен әрекетті жүйелі жүзеге асыру маңызды. Бүгінде желілік қоғамдастықтар, әртүрлі формада тәжірибе алмасулар, ортақ ойды ортаға салатын басылымдар, іс –тәжірибені тарату жұмыстарының жүйелі жүзеге асырылуында. Бұл өз кезегінде мұғалімге кәсіби қолдау, даму, кәсіби құзыреттіліктің арттыру қолайлы факторлары болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Игошев Б.М. Системно-интегративная организация подготовки профессионально мобильных педагогов: Дисс...д-ра пед. наук М., 2008. 394 с.
2. Пригожин А.И. Нововведения: стимулы и препятствия. Социальные проблемы инноватики. М., 1989. с. 192
3. Шишов С.Е. Понятия компетенции в контексте проблемы качества образования. «Государства и образования, 2002 г.»
4. Тренерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012., 6–7 бб
5. zkoipk.kz

ӘОЖ 373

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ АЯСЫНДА МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

*Игусинова Жанна Серикбаевна
математика пәні мұғалімі
Әулиекөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің
Көктал жалпы білім беретін мектебі
Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы
Көктал ауылы, Қазақстан
E-mail: zhanna2501@mail.ru*

Андатпа

Автор Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық ой-пікірлері бүгінгі таңда мектебімізде ұстаздардың іс-тәжірибесінде көрініс беріп келе жатқанын баяндайды. Жаңартылған білім аясында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдануда ағартушының педагогикалық идеясын сабағымда байланыстырып отырамын деп сөз етеді. Ыбырай Алтынсарин айтқандай, жас ұрпақты жан – жақты жетілген, парасатты, ой – өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеуде мұғалімнің инновациялық әдісті тиімді пайдалануы маңызды деп тұжырым жасайды. Сапалы білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияның ұтымды тұстарын ашып көрсетеді. Ағартушының тиімді тәсілдерін оңтайлы тәжірибесінде қолдана білген.

Кілтті сөздер: ақпараттық, заманауи, идея, жас ұрпақ, өміршең.

Аннотация

Автор рассказывает, что педагогические размышления Ыбырая Алтынсарина сегодня отражаются в практике педагогов нашей школы. При использовании информационно-коммуникационных технологий в рамках обновленного образования, утверждает, что связывает педагогическую идею просветителя на своем уроке. Как отметил Ыбырай Алтынсарин, в воспитании подрастающего поколения всесторонне зрелыми, рассудительными, высокоразумными, конкурентоспособными гражданами, важно эффективное использование учителем инновационного метода. Автор раскрывает тонкости информационно-коммуникационных технологий в качественном образовании. Умело применяет эффективные подходы просветителя в оптимальной практике.

Ключевые слова: информативный, современный, идея, молодое поколение, жизнеспособный.

Abstract

The author says that the pedagogical reflections of Ybyray Altynsarin are reflected in the practice of teachers of our school today. When using information and communication technologies in the framework of updated education, the author claims that she connects the pedagogical idea of the educator in his lesson. As Ybyray Altynsarin noted, in the upbringing of the younger generation as comprehensively mature, prudent, highly intelligent, competitive citizens, it is important for the teacher to use the innovative method effectively. The author reveals the subtleties of information and communication technologies in quality education. Skillfully applies effective approaches of the educator in optimal practice.

Key words: informative, modern, idea, young generation, viable.

Заман талабына сай математика пәнін инновациялық технологияларды кеңінен қолдану міндетімізге айналды. Осы орайда қазіргі таңда мен өз тәжірибемде ақпараттық-коммуникациялық технология аясында оқушыларға математика сабағында электрондық оқулықты пайдаланып келемін. Онда әр тарауда тақырыптың мазмұны, заңдары мен анықтамалары, түсініктеме сөздігі мен қазақша – орысша сөздік, кестелер, ғалымдардың өмірбаяндары, жаттығулар мен есептер, бақылау жұмыстары қамтылған.

Жаңартылған білім аясында математика пәнінің оқыту барысында инновациялық әдіс түрлерін тиімді пайдаланамын. «Ыбырай оқулары» атты тақырыпта мақала жазуда мен ағартушының педагогикалық жүйесін сабағымда қалай ұтымды пайдаланып жүрмін, осы тұрғыда оңтайлы тәжірибемді ортаға салғым келді. Өз дәуірінде Ыбырай Алтынсариннің: «Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден